

**«Құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды қолдану»
факультативтік курстың ұсынылатын тақырыптық жоспары және
бағдарламасы**

Мақсаты: Білім алушыларда қоғамдағы жауапты әрекет пен кәсіби қызмет үшін қажетті құқықтық сауаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:

1) Тәуелсіздік пен отаншылдыққа, мемлекет пен халықтың бірлігіне, ынтымақтастығына тәрбиелеу үшін білім алушыларда мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы базалық түсінікті қалыптастыру;

2) Әділдік пен жауапкершілікті, заң мен тәртіпті құрметтеуді тәрбиелеу үшін қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқық салаларының маңызы туралы түсінік қалыптастыру;

3) Білім алушылардың азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу, отаншылдықты нығайту және құқықтық мемлекеттің дамуындағы жеке рөлін сезіну үшін сайлау құқықтарын іске асыру және қорғау дағдыларын қалыптастыру;

4) Академиялық адалдық және олардың оқу қызметінде сақталуы үшін жауапкершілік қағидаттарын түсінуді қалыптастыру, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық құндылықтарын нығайту;

5) Білім алушыларда әділдік пен жауапкершілікке, ынтымақтастыққа, жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарына негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет дағдыларын қалыптастыру.

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны		
		Теориялық сабақтар	Практикалық сабақтар	Барлығы
1	2	3	4	5
1 тарау. Мемлекет және құқық теориясының негіздері				
1.1	Тақырып 1.1. Мемлекеттің түсінігі мен белгілері.	2		2
1.2	Тақырып 1.2. Мемлекеттік құрылым нысаны ұғымы.		2	2
1.3	Тақырып 1.3. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі.		2	2
	Тарау бойынша жиыны	2	4	6

2 тарау. Құқық салалары				
2.1	Тақырып 2.1. Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде.	2		2
2.2	Тақырып 2.2. Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері жүйесі.	2		2
2.3	Тақырып 2.3. Еңбек құқығы және еңбек шартының мазмұны.		2	2
2.4	Тақырып 2.4. Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының түсінігі мен түрлері.		2	2
2.5	Тақырып 2.5. Еңбек заңнамасы бойынша қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тарту түсінігі мен тәртібі.		2	2
2.6	Тақырып 2.6. Қазақстан Республикасындағы отбасылық құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу.		2	2
2.7	Тақырып 2.7. Азаматтарды қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдері.		2	2
2.8	Тақырып 2.8. Азаматтардың құқықтарын қорғаудың әкімшілік-құқықтық тәсілдері.		2	2
2.9	Тақырып 2.9. Азаматтардың құқықтарын сот арқылы қорғау.		2	2
2.10	Тақырып 2.10. Әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен түрлері.		2	2
	Тарау бойынша жиыны	4	16	20
3 тарау. Сайлау құқығының негіздері				
3.1	Тақырып 3.1. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы және сайлау жүйесі ұғымы.	2		2
3.2	Тақырып 3.2. Сайлау құқығының принциптері.	2		2
3.3	Тақырып 3.3. Азаматтардың сайлауға қатысуға жауапкершілікпен қарауы.		2	2
	Тарау бойынша жиыны	4	2	6
4 тарау. Академиялық адалдық негіздері				
4.1	Тақырып 4.1. Академиялық адалдық ұғымы мен принциптері.	2		2
4.2	Тақырып 4.2. Академиялық адалдық ережелерін бұзу және олардың салдары. Зияткерлік меншік ұғымы		2	2
	Тарау бойынша жиыны	2	2	4
5 тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері				
5.1	Тақырып 5.1. Сыбайлас жемқорлық түсінігі мен түрлері.	2		2

5.2	Тақырып 5.3. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекет, қоғам және жеке тұлға үшін салдары.		2	2
5.3	Тақырып 5.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің түсінігі мен мазмұны.		2	2
5.4	Тақырып 5.5. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері.		2	2
5.5	Тақырып 5.6. Қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың түсінігі мен түрлері.		2	2
	Тарау бойынша жиыны	2	8	10
	Қорытынды бақылау		2	2
	БАРЛЫҒЫ	14	34	48

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1-тарау. Мемлекет және құқық теориясының негіздері.

Негізгі тақырыптар: мемлекеттің мәні, оның белгілері мен функциялары. Құқықтық жүйе және оның Қазақстандағы даму ерекшеліктері.

Қызмет түрлері: Тәуелсіздік пен патриотизм құндылықтарын ескере отырып, қоғамдық өмір мысалдарында мемлекет пен құқықтың негізгі ұғымдарын талдау және талқылау; «мемлекет - құқық – қоғам» өзара байланысын орнатуға тапсырмаларды орындау; заң күші бойынша нормативтік құқықтық актілерді жіктеу; оқу жағдайларын талдау; мемлекет және құқық теориясының негізгі ұғымдары бойынша тест тапсырмаларын орындау; «Қазақстан Республикасының құқық жүйесі» қарапайым схемаларын жасау; қоғамдағы құқықтық құбылыстарды талдау бойынша топтарда жұмыс істеу.

Оқыту нәтижесі: Мемлекет ұғымын, оның құрылымын, құқығын және жүйесін сипаттау

2-тарау. Құқық салалары.

Негізгі тақырыптар: Конституция және азаматтардың құқықтары. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәсілдері. Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік.

Қызмет түрлері: заң мен тәртіптің мәнін көрсететін сызбалар мен кестелерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы құқығының негізгі салаларын жіктеу; өмірлік және кәсіптік жағдайларды құқықтың тиісті салаларымен байланыстыру; практикалық кейстерді талдау; типтік құқықтық жағдайларда қызметкердің іс-әрекеттерінің қарапайым алгоритмдерін жасау; еңбек шартының жобасын жасау; мемлекеттік органдар мен сотқа жүгінудің қарапайым алгоритмдерін жасау; үлгілер бойынша шағымдарды, өтініштерді, талап арыздарды жасау; құқық салаларының негізгі ұғымдары бойынша тест тапсырмаларын орындау; азаматтардың құқықтары бойынша жадынамалар әзірлеу; «Дропер болу: жеңіл ақша – ауыр зардаптар», «Желідегі алаяқтық:

калай серіктес немесе жәбірленуші болмау керек», «Қудалау: әзіл мен зорлық – зомбылықтың шекаралары», «Цифрлық ортадағы қауіпсіз әрекеттер», «Кепілгер-курьер емес, қылмысқа қатысушы», құқықтық жағдайларды модельдеумен рөлдік ойындар; жұптар мен топтарда жұмыс істеу, құқықтық цифрлық платформалардың жұмысымен танысу.

Оқыту нәтижесі: Адамның құқықтары мен бостандықтарын, оларды қорғау тәсілдерін және бұзушылықтар үшін жауапкершілікті сипаттау

3-тарау. Сайлау құқығының негіздері.

Негізгі тақырыптар: Сайлау құқығы және Қазақстан Республикасының жүйесі. Азаматтардың сайлауға қатысуы.

Қызмет түрлері: сайлау құқығының негізгі ұғымдарын және олардың демократиялық мемлекеттегі маңыздылығын талдау; сайлау құқығының негіздері бойынша тест тапсырмаларын орындау; белсенді және пассивті сайлау құқығын салыстыруға ситуациялық міндеттерді шешу, азаматтық белсенділік және сайлауға қатысу мәселелері бойынша әңгімелесулер мен шағын пікірталастарға қатысу; азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруға байланысты қарапайым жағдайларды модельдеу.

Оқыту нәтижесі: Сайлау құқығы мен сайлау жүйесінің негіздерін сипаттау

4-тарау. Академиялық адалдық негіздері.

Негізгі тақырыптар: Академиялық адалдық: оның мәні, принциптері, бұзушылықтары мен салдары.

Қызмет түрлері: академиялық адалдық қағидаттарын және оларды білім беру мен ғылыми қызметте қолдану мысалдарын талдау; академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарау және олардың салдарын талқылау.

Оқыту нәтижесі: Оқу қызметінде академиялық адалдық нормаларын сақтау

5-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері.

Негізгі тақырыптар: Сыбайлас жемқорлық: түсінігі мен түрлері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік.

Қызмет түрлері: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормативтік-құқықтық актілерімен жұмыс; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың мысалдарын және олардың құқықтық біліктілігін қарау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет мәселелері бойынша талқылауларға, пікірталастарға және кейс-талдауға қатысу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша баяндамалар, презентациялар мен акпараттар дайындау; бөлім бойынша тестілік және практикалық тапсырмаларды орындау; жасампаздық пен жаңашылдықты дамытуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік жарнамасы бар бейнероликтер, буклеттер дайындау; эссе жазу.

Оқыту нәтижесі: Кәсіби және қоғамдық өмірдегі сыбайлас жемқорлық қауіп-қатерлерін талдау